

 NAZARBAYEV UNIVERSITY	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы		
	Бекіткен орган:	Провост	
«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының магистратура және докторантура бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдер			
Бекітілген күні:	05.05.2020	Күшіне енгізілген күні:	
Шешімнің/хаттаманың №:	№ 74-н/қ		
ІНҚ сыныптауышы:	2.8. Академиялық қағидалар мен рәсімдер		
Бастамашы:	Ребекка Ли Картер, Регистратор және студенттердің үлгерімі бойынша бас директор		
Өзара байланысты құжаттар:	1. Магистратура және докторантура бағдарламаларына арналған АҚР		

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының магистратура және докторантура бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдер (бұдан әрі – Қағидалар) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – Университет) магистратура және докторантура бағдарламаларына арналған академиялық қағидалары мен рәсімдерін қамтиды. Осы Қағидалар Университеттің магистратура бағдарламаларының, Медицина мектебіндегі медицина докторы мен резидентура бағдарламаларының дайындық жылын қоспағанда, Университеттің кез келген магистратура мен докторантура бағдарламаларына қабылданған барлық студенттерге қатысты қолданылады. Қарама-қайшылықтар болған жағдайда, осы Қағидалардың ережелері алдыңғы қабылданған қағидаларға қарағанда басым күшке ие болады. Бағдарламалардың талаптары осы Қағидаларда сипатталған талаптардан неғұрлым қатаң болуы мүмкін. Мұндай талаптар студенттерге арналған бекітілген анықтамалықта (бұдан әрі – Анықтамалық) көрсетілуі тиіс.

2. Академиялық жылдың күнтізбесі

2. Магистратура және докторантура бағдарламалары үш академиялық кезеңге бөлінген академиялық жылдың негізінде қолданылады: күзгі, көктемгі семестрлер және жазғы кезең. Жаңадан қабылданған студенттер үшін күзгі



семестрдің басында студенттерге Университет пен бағдарламаның талаптарына бейімделуге мүмкіндік беретін бағдарлау кезеңі өткізіледі.

3. Тіркелу қағидалары

3. Көптеген бағдарламалардың студенттері онлайн-тіркеу жүйесі арқылы тіркеледі. Студенттер тіркелу кезеңінің күндері туралы электрондық пошта арқылы хабардар етіледі. Онлайн-тіркеуге жатпайтын бағдарламаларда оқушыларды олардың Мектеп әкімшілігі тіркейді. Тіркелуі тиіс пәндер бағдарлама Анықтамалығында көрсетілген.

4. Университеттің магистратура және докторантура бағдарламаларының барлық студенттері әр академиялық кезеңде тіркелуге міндетті. Үздіксіз тіркелуді жүргізбеген студенттер оқудан шығарылады.

5. Регистратор офисі (бұдан әрі – Офис), мектеп деканының офисі және Мектеп оқытушылары онлайн-тіркелу тізімдеріне тіркелу үрдісі мен академиялық кезең бойы қол жеткізе алады.

6. Бір Мектептің магистратура немесе докторантура бағдарламасына түскен университет студенттері бағдарламаның Анықтамалығында баяндалған олардың бағдарламаларының қағидаларына сәйкес Мектептердің вице-декандарының рұқсатымен басқа Мектептің пәндеріне тіркелуі мүмкін.

4.Сабаққа қатысу

7. Студенттер Университетте өздері тіркелген пәндердің барлық сабақтарына қатысулары тиіс.

8. Егер сабаққа қатысу пәннің силлабусында немесе Анықтамалықта көрсетілгеннен төмен болса, Университеттің тиісті ішкі құжаттарында көрсетілген айыппұлдар қолданылады. Студенттер бағдарлау шарасына қатысып, академиялық кезең (соңғы емтихандарды қоса алғанда) аяқталғанға дейін қалулары тиіс.

9. Бірінші күннен бастап сабаққа қатыспаған студенттерге осы пәнді реттейтін анықтамалықтар негізінде айыппұл салынуы немесе пәннен шығарылуы мүмкін.

10. Академиялық кезеңнің басында әрбір оқытушы студенттерді пән құжаттамасындағы сабаққа қатысу талаптары, оның оқу мүмкіндігі мен алуы ықтимал бағасына тигізетін әсері туралы хабардар етуге жауапты болады. Егер сабаққа қатысу талаптарын бұзу орын алса, оқытушы-профессорлар құрамы бағаларды төмендетуге немесе қатысудан бас тартуға/пәннен шығаруға бастамашылық жасауға құқылы.

11. Тек оқытушы ғана студенттің сыныпта болмауы туралы өтінішін мақұлдай алады. Келіспеушілік туындаған жағдайда мәселе Мектептің вице-декананың қарауына берілуі мүмкін. Мектеп вице-декананың шешімі түпкілікті болып табылады.



5. Кредиттер

12. Университет Еуропалық кредиттерді аудару мен жинақтау жүйесін (ECTS) пайдаланады.

13. Кредит пәннің бағалау және басқа да талаптарын сәтті аяқтау кезінде ең төменгі немесе одан жоғары өту деңгейінде оқудың белгілі бір нәтижелеріне қол жеткізу үшін беріледі.

6. Бағдарламаны аяқтауға қойылатын талаптар

14. Университетте магистр немесе доктор дәрежесін алу үшін студенттер әр бағдарламаға Академиялық кеңес бекіткен ECTS кредиттерінің белгілі бір санын жинаулары тиіс.

15. Әрбір бағдарламаның кредиттеріне қойылатын нақты талаптар бағдарлама Анықтамалығында көрсетілген және, әдетте, міндетті және элективті пәндерді, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша негізгі талаптарды қамтиды.

7. Университеттен тыс алынған кредиттерді аудару

16. Әрбір нақты бағдарламаның қағидаларына сәйкес Қазақстандағы немесе шетелдегі басқа аккредиттелген жоғары оқу орындарында өткен пәндер үшін кредиттер студенттің транскриптіне көшірілуі мүмкін.

1) Басқа университеттен кредитті аудару үшін Мектеп толтырылған «Кредитті аударуды бағалау нысанын» және берілген кредиттер мен бағаны растайтын ресми транскрипті Офиске тапсыруға тиіс.

2) Аударылатын кредиттер алдыңғы дәрежеге оқу кезінде өткен пәндер үшін есептелмейді.

3) Магистратура мен докторантура үшін кредиттер бакалавриат пәндері үшін есептелмейді.

4) Басқа оқу орнында өткен пәннің мәртебесіне қатысты күмән туындаған жағдайда, вице-декан студентке сол оқу орнындағы пәндерден алған кредиттерін аударуға мүмкіндік беретін барлық болашақ сұрау салуларды реттейтін шешім қабылдайды.

5) В-дан төмен (немесе баламалы) баға берілген пәндер үшін аударылатын кредиттер берілмейді.

17. Басқа жоғары оқу орындарында алынған бағалар студенттің транскриптіде «ТС» ретінде белгіленеді және Университетте студенттің CGPA немесе GPA есептеу кезінде есепке алынбайды.

18. Басқа оқу орындарында өткен және P/F түрінде бағаланатын пәндер әріптік түрде бағаланатын Университеттің пәндері үшін аударуға жатпайды.

19. Кредиттерді аудару кезінде бағдарламаны аяқтау үшін қажетті кредиттердің жалпы санының көп дегенде 25%-ы есептелуі мүмкін.

20. Кредиттердің ауыстырылуын Мектептің вице-деканы мақұлдауы тиіс.



21. Университетке оқуға түскенге дейін басқа оқу орнында кредит алған студент тиісті Мектептің мақұлдауымен Университетке оқуға түскен кезде осы кредиттердің өзіне аударылуын сұрауы тиіс.

22. Оқуға түсу кезінде кредиттерді аудару алдыңғы бес академиялық жылы ішінде өткен пәндер үшін ғана жүзеге асырылады.

8. Қайтадан қабылдау

23. Егер студент бұрын Университетте магистратурада оқып, сол бағдарлама бойынша магистр дәрежесін алу үшін қайта келсе, алдыңғы 5 (бес) академиялық жыл ішінде магистратура кезінде Университетте өткен барлық пәндер транскриптіте көрсетіледі және студенттік CGPA есебіне енгізіледі.

Егер студент басқа бағдарлама бойынша магистр дәрежесін алу үшін қайта келсе, алдыңғы бағдарлама кезінде өткен барлық пәндер студенттің транскриптіне ауыстырылуы және аударылған кредит болып саналуы мүмкін. 7-бөлімнің ережелері қолданылады.

24. Егер студент бұрын Университетте докторантурада оқып, доктор дәрежесін алу үшін қайта келсе, алдыңғы 5 (бес) академиялық жыл ішінде докторантура кезінде Университетте өткен барлық пәндер транскриптіте көрсетіледі және студенттік CGPA есебіне енгізіледі.

9. Бағалау жүйесі

25. 1-кестеде келтірілген бағалардың жалпы шкаласы Университеттің барлық магистратура мен докторантура бағдарламаларында әріптік түрде бағаланатын пәндерге қолданылады:

1-кесте Бағалаудың әріптік жүйесі		
Әріптік белгілеу	Балдар	Түсініктеме
A	4,00	Үздік, жалпы тапсырманың немесе пәннің ең жоғары нормативтерінен асып түседі
A	3,67	Үздік, тапсырманың немесе пәннің ең жоғары нормативтеріне жауап береді
B+	3,33	Өте жақсы, тапсырманың немесе пәннің жоғары нормативтеріне жауап береді
B	3,00	Жақсы, тапсырманың немесе пәннің нормативтерінің көбісіне жауап береді
B-	2.67	Қанағаттанарлықтан жоғары, материалды ойдағыдай меңгергенін байқатады
C+	2,33	Қанағаттанарлық, тапсырманың немесе пәннің негізгі нормативтеріне жауап береді
C	2.00	Қанағаттанарлық, тапсырманың немесе пәннің кейбір



		базалық нормативтеріне жауап береді
C-	1.67	Қанағаттанарлық, кейбір аспектілердің негізгі нормативтеріне жауап бермейді
F	0	Қанағаттанарлықсыз, өте нашар үлгерім

26. «Р» (өтті) немесе «F» (өтпеді) деген баға осындай бағалау жүйесі бар пәндер бойынша оқитын студенттер үшін көрсетілетін болады.

«Р» деген баға студенттің GPA және CGPA есептеу кезінде пайдаланылмайды; «F» деген баға GPA және CGPA есептеу кезінде «0» балды құрайды. «Р» деген баға «C» немесе одан жоғары бағаға баламалы.

10. Әкімшілік бағалар

27. Арнайы әкімшілік бағалар мен белгілер Университеттің барлық бағдарламаларына арналған транскрипттерде қолданылады. 2-кестедегі әкімшілік белгілер GPA және CGPA есептеуге әсер етпейді, бірақ студенттердің оқуды жалғастыруына қойылатын талаптарға әсер етуі мүмкін:

2-кесте		Әкімшілік бағалар
Баға	Түсініктеме	Балдар
AU	Тыңдалды	Қолданылмайды
AW	Әкімшілік шеттету	Қолданылмайды
I	Аяқталмады	Қолданылмайды
IP	Орындау барысында	Қолданылмайды
IPS	Қанағаттанарлық орындау барысында	Қолданылмайды
IPU	Қанағаттанарлықсыз орындау барысында	Қолданылмайды
TC	Кредитті аудару	Қолданылмайды
W	Бас тарту	Қолданылмайды

28. Тыңдалды (AU). Тыңдау опциясы студенттерге білімді және/немесе зерттеулерді жетілдіру үшін пәнге тіркелу мүмкіндігін береді. Тыңдалған пәндер транскрипте «AU» ретінде көрсетіледі; олар үшін әріптік бағалар мен балдар берілмейді. Студент тыңдаушы ретінде пассивті білім алушы болып саналады және сыныпта тапсырмаларға жауап бере алмайды немесе емтихандарды тапсыра алмайды. Студенттен тұрақты түрде сабаққа қатысу талап етіледі. Тыңдалған пәндер үшін кредиттер оқу төлемін және кредиттер бойынша жоғары жүктемені есептеу кезінде есепке алынады. Студент келесі талаптарды орындадаған жағдайда пәндерді тыңдауға тіркеле алады:

1) пәнді тыңдауға рұқсат берілді (лабораториялық немесе функционалдық дағдылары бар пәндерді тыңдауға рұқсат берілмейді);

2) пәнде бос орындар бар;

3) студенттің тиісті академиялық дайындығы бар;

4) студенттің пәннен өту үшін негізделген себебі бар; және



5) оқытушыдан рұқсат алынды.

29. Әкімшілік шеттету (AW). Бұл баға студенттің пәннен мынадай негізде:

1) Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіп пен стандарттарға сәйкес тәртіптік себептерге;

2) сабақтарға қатыспауына; немесе

3) Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіп пен стандарттарға тиісті жағдайларда оқу құнының төлемеуіне байланысты шеттетілгендігін білдіреді.

30. Аяқталмады (I). Егер студент пән талаптарының едәуір бөлігін орындаған болса, бірақ дәлелді себептердің салдарынан барлық талаптарды орындай алмаса, пән оқытушысы «I» деген уақытша бағаны қоя алады:

1) «I» деген баға студент пен оқытушының арасында ғана жасалатын және тиісті Мектептің Деканы бекітетін алдын ала жазбаша келісімнің негізінде қойылуы мүмкін, осы келісімде жұмыс және оны орындау талаптары сипатталады. Жұмыстың аяқталу күнін пән оқытушысы анықтайды.

2) Барлық жұмыстар келесі семестрдің соңғы аптасының аяғына дейін кешіктірмей орындалуы тиіс. Жұмыстарды орындағаннан немесе емтиханнан өткеннен кейін «I» деген баға туралы уағдаластық шеңберінде пәннің оқытушысы «I» деген бағаны пәнге қойылған сәйкес бағаға өзгертуді сұрауы тиіс, содан кейін «I» деген баға студенттің транскриптінен алынып тасталады;

3) «I» деген баға денсаулық жағдайы бойынша, сондай-ақ жақын туыстарының денсаулық жағдайы бойынша қорытынды емтиханға қатыса алмайтын студентке де қойылуы мүмкін. Қорытынды емтиханды тапсыру үшін жаңа мерзім белгіленеді.

4) «I» деген баға үшін 0 (нөл) кредит және балл есептеледі, ол GPA-ді есептеу кезінде есепке алынбайды.

5) Келесі семестрдің соңғы аптасының аяғына қарай аяқталмаған «I» деген баға пән нұсқаушысы мен студенттердің арасындағы келісімде көрсетілген бағаға автоматты түрде ауыстырылады. Егер келісімде баға көрсетілмесе және нұсқаушы бағаны өзгертуге өтінім бермесе, «I» деген баға «F» деген бағаға өзгертіледі.

6) «I» деген бағасы болған кезде студентке ешбір жағдайда дәреже берілмейді.

31. Орындау барысында (IP, IPS және IPU). «IP» деген баға бірнеше академиялық кезеңдерге созылатын пәндер үшін аралық баға ретінде қойылады, әдетте бұл зерттеу жобалары немесе ғылыми жұмыстар.

7) «IP» деген баға CGPA және GPA-ны есептеуге әсер етпейді.

8) Әріптік қорытынды баға немесе «P/F» деген баға, сондай-ақ ECTS кредиттер пән талаптарын орындаудың академиялық кезеңі үшін беріледі.

9) «IP» деген бағалар бір академиялық кезең аясында оқытылатын пәндер үшін қолданылмайды.



10) «IPS/IPU» бағалары ағымдағы жұмыстың қанағаттанарлық/қанағаттанарлықсыз екенін көрсетеді және студенттердің академиялық үлгерім деңгейін анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін.

11) «I» деген баға «IP» бағалау жүйесі бар пәндер үшін пайдаланылмайды.

32. Бас тарту (W). «W» деген баға пәннен шығарылған және пән талаптарын орындамаған студентке қойылады.

1) «W» деген баға автоматты түрде қойылады; «W» деген баға қойылғанда басқа баға қойылмауы тиіс.

2) «W» деген баға студенттің CGPA-сын есептеуге енгізілмеген және бағдарламаны аяқтау талаптарын орындаған кезде ескерілмейді.

11. Қорытынды бағалау

33. Қорытынды бағалар әр студентке әрбір тіркелген пән бойынша белгіленген бағалау кезеңінің соңында қойылады.

12. Бағаларды қою

34. Оқытушылар барлық қорытынды бағаларды бағдарламаның академиялық күнтізбесінде көрсетілген күні сағат түнгі он екіден кешіктірмей ұсынуы тиіс. Оқытушы-профессорлар құрамы тікелей MyRegistrar жүйесіне баға қоюлары керек. Офис студенттерге академиялық күнтізбеде көрсетілген күні бағаларды көруге рұқсат береді.

13. GPA және CGPA есептеу

35. Балдар кредиттер санын әрбір пән бойынша бағаның балдық мәніне көбейту жолымен есептеледі.

36. Бір академиялық кезең үшін GPA жалпы балл сомасын Университетте өткен пәндер үшін бағаланатын кредиттер сомасына бөлу жолымен есептеледі.

CGPA барлық оқу кезінде Университетте өткен пәндер үшін бағаланатын кредиттердің сомасына жалпы балл сомасын бөлу жолымен есептеледі.

GPA және CGPA есептеу кезінде дәрежені алу үшін есептелінетін кредиттер емес, бағаланып алынған кредиттердің сомасы пайдаланылады.

14. Академиялық үлгерім

37. Академиялық үлгерім. Университетте кез келген магистратура мен докторантура бағдарламасы бойынша оқуды жалғастыру үшін әр бағалау кезеңі аяқталғаннан кейін студенттің жақсы академиялық үлгерімі болуы тиіс, оның ішінде:

1) әріптік бағалары бар пәндер үшін ең төменгі CGPA; және



2) әр бағдарлама бойынша талаптарға сәйкес зерттеулерді және басқа да академиялық міндеттерді уақтылы аяқтау

38. Жақсы академиялық үлгерім бойынша ең төменгі CGPA талаптары:

1) Жоғары бизнес мектебі: $CGPA \geq 3.0$;

2) Жоғары білім беру мектебі: $CGPA \geq 3.0$;

3) Жоғары мемлекеттік саясат мектебі: $CGPA \geq 2.67$;

4) Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебі: $CGPA \geq 2.67$;

5) Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебі:

Биология ғылымдары, Қолданбалы математика, Химия мен Физика мамандықтары бойынша магистратура және докторантура бағдарламалары – $CGPA \geq 2.67$

Басқа бағдарламалар: $CGPA \geq 3.00$;

6) Медицина мектебі: $CGPA \geq 2.67$;

7) Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебі: $CGPA \geq 2.67$.

39. Әр академиялық кезең аяқталғаннан кейін бағдарламаның арнайы талаптарына сәйкес жақсы академиялық үлгерімін қанағаттандырмайтын студент автоматты түрде академиялық сынақ мерзіміне ауыстырылады.

40. Келесі оқу кезеңінің соңында өз бағдарламасының жақсы академиялық үлгерімін қанағаттандырмайтын академиялық сынақ мерзімінде оқитын студент оқудан шығарылады.

41. Жақсы академиялық үлгерімі бар студент «IPU» деген бағаны алғанда академиялық сынақ мерзіміне ауыстырылады және қадағалау комитеті бастамашылық жасаған және бағдарламаның директоры бекіткен академиялық жоспарды алады; академиялық сынақ мерзіміндегі студент «IPU» деген баға алғанда оқудан шығарылады.

15. Пәннің қорытынды бағасын өзгерту

42. Пән оқытушысы немесе оқытушы-профессорлар құрамының мүшесі оқу кезеңінің соңында студентке берген қорытынды әріптік баға немесе «P/F» деген баға студенттің осы пән бойынша қорытынды бағасы болып табылады.

1) бағалар келесі семестрдің бірінші күнінен немесе апелляцияның қорытынды шешімінен кейін өзгертілмейді.

2) бағалар дәреже берілгеннен кейін өзгертілмейді.

43. Бағдарлама анықтамалығына сәйкес біліктілік емтихандарын қоспағанда, пән бойынша қорытынды емтиханды қайта өтуге жол берілмейді.

44. Пәннің қорытынды бағасын өзгерту рәсімдері:

1) Егер студенттің бағасы техникалық, рәсімдік қателерге немесе бағаны дұрыс есептемеуге байланысты дұрыс қойылмаған болса, оқытушы Офисте «Бағаны өзгерту» деген бланкіні толтыруы тиіс.

2) «Бағаны өзгерту» деген бланкіге пән оқытушысы және тиісті Мектептің вице-деканы қол қоюы тиіс.

3) Вице-декан сұрау салынған өзгерісті Университеттің қағидаларын сақтау бөлігінде қарауы тиіс.



4) Мақұлданған нысанды Мектеп тексеру, бекіту және студенттің жеке ісіне енгізу үшін Офиске (студенттерден бланкілер қабылданбайды) тапсырады.

16. Баға апелляциясы

45. Бағалар апелляциясы. Магистратура мен докторантураның барлық студенттері өздерінің пікірінше оларға қате қойылған кез келген бағаға шағымдануға құқылы. Бұл ретте келесі сипаттағы қателер қарастырылады:

1) есептеу кезінде жіберілген қате;

2) пәннің силлабусында көрсетілген пәнді бағалау саясатын қолданудағы қателік;

3) деректер қорына бағаларды дұрыс енгізбеу;

4) тапсырма үшін бағаны толық қоймау.

46. Тапсырма бағасы апелляцияның процесі.

1) Студент бірінші кезекте даулы бағаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде пән оқытушысымен кеңесуі тиіс.

2) Пән оқытушысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде апелляцияға жауап беруге және бағаны өзгерту нысанын беруге немесе шағымды қабылдамауға тиіс.

3) Егер студент қайтадан бағамен келіспесе, ол пән оқытушысынан бас тартуды алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті Мектеп Деканының немесе вице-деканының атына бағаны апелляцияға беруге құқылы.

4) Декан немесе вице-декан қандай да бір шешім шығарар алдында оқытушымен кеңесуі тиіс. Деканның немесе вице-деканның шешімі түпкілікті болып табылады.

47. Пән бойынша қорытынды баға апелляциясы.

1) студент ең алдымен MyRegistrar жүйесінде бағалар жарияланған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Анықтамалыққа сәйкес пән оқытушысымен немесе бағдарлама директорымен кеңесуі тиіс. Пән бойынша қорытынды бағаға шағымдану уақытын есептеу күні академиялық күнтізбеде көрсетілгендей, студенттердге бағалардың ашылу күні болып табылады.

2) Пән оқытушысы/бағдарлама директоры студентке келесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап беруі тиіс. Бұл мерзімді вице-декан студенттің қорытынды бағасын алғаннан кейінгі кезеңде пән оқытушысы/бағдарлама директоры болмаған жағдайда ұзартуы мүмкін.

3) Егер студент бұрынғысынша, бағамен келіспесе немесе пән оқытушысы/бағдарлама директоры 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермеген болса, онда ол тиісті Мектептің деканының немесе вице-деканының атына 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде бағаға шағым беруге құқылы.

4) Декан немесе вице-декан қандай да бір шешім шығарар алдында оқытушымен кеңесуі тиіс. Егер Декан немесе вице-декан апелляцияны қанағаттандыру туралы шешім қабылдаса, ол Офис ұсынған нысандарды пайдалана отырып, жаңа баға туралы Офисті хабардар етуі тиіс.

5) Деканның немесе вице-деканның шешімі түпкілікті болып табылады.



17. Пәнді қайтадан өту

48. Оқуды жалғастыру талаптарын қанағаттандырмайтын баға алған, магистратура және докторантура студенттері Мектептің вице-деканының рұқсатымен пәнді қайта өтуге жіберілуі мүмкін; Мектептің міндеттеріне пәнді арнайы қайталауға беру кірмейді.

49. Пәнді қайта өту саны, сол сияқты қайта өткізілуі мүмкін пәндер саны шектелмеген. Барлық әрекеттер студенттің транскриптіңде көрсетіледі және студенттің семестрлік GPA-сын, семестрде алынған кредиттер, студент тіркелген семестрлік кредиттер саны және студент тіркелген кредиттердің жалпы санының жиынтығында ескеріледі. Тек соңғы қайта өткен пән қана түпкілікті CGPA мен жинақталған кредиттердің жалпы санының жиынтығында есепке алынады.

18. Оқу мерзімін ұзарту

50. Оқу мерзімін ұзарту магистратура мен докторантура бағдарламалары үшін бағдарламаның бекітілген жоспарында белгіленген кезең өткеннен кейін бастапқы бағдарлама басталған күннен бастап бағдарламаны ұзартуды көздейді.

51. Студенттердің оқуын ұзарту магистратура және докторантура курстары мен бағдарламаларын әзірлеу тұжырымдамасы негізінде белгіленген мерзімдерді асырмай қаралады.

52. Ұзартуға рұқсат алған студенттер белсенді студенттер болып саналады және қосымша оқу кезеңіне білім беру қызметін көрсету туралы шарттың шеңберінде Университет белгілеген талаптарға сай Университет студенттеріне берілетін жеңілдіктерді алуды жалғастырады.

53. Студенттер, егер олар соңғы оқу жылының соңғы академиялық кезеңінің соңына бітіру талаптарына сәйкес келмесе, НУ магистратура және докторантура курстары мен бағдарламаларын әзірлеу тұжырымдамасында белгіленген мерзімдерді асырмай, қосымша академиялық кезеңге оқу мерзімін ұзартуға жіберілуі мүмкін; мұндай оқу мерзімін ұзарту үшін:

- 1) оқуды аяқтауды кейінге қалдыру нысанын ұсыну қажет;
- 2) Деканның мақұлдауы қажет;
- 3) және ол бір академиялық кезеңмен шектелген.

54. Ұзарту кезеңінің соңында өз бағдарламасын аяқтамаған студенттер НУ магистратура және докторантура курстары мен бағдарламаларын әзірлеу тұжырымдамасында белгіленген мерзімдерінен асырмай, одан әрі ұзартуға өтінім бере алады.

55. Академиялық демалыста жүрген студенттер бағдарламаны ұзарту үшін академиялық демалыстан ресми түрде қайтып келуі тиіс.

56. Егер бағдарламаны ұзарту мақұлданбаса, студенттер оқудан шығарылады.



57. Мектеп қосымша оқу кезеңі қажет әлеуетті студенттерді анықтайды. Мұндай студенттердің тізімін мектеп Офиске ЭҚЖ арқылы жіберуі тиіс.

58. Мектеп қосымша оқу кезеңін қажет ететін студенттермен байланысады. Мұндай студенттер өз ғылыми жетекшісімен немесе эдвайзерімен кеңесе отырып, декан бекітуі тиіс кез келген оқытылатын элементтерді немесе зерттеу кезеңдерін қамтитын бағдарламаны аяқтау жоспарын әзірлейді.

59. Студент мектепке мыналарды ұсынуы тиіс:

- 1) Қол қойылған Бағдарламаны аяқтау жоспарын
- 2) Қол қойылған Келісім нысанын
- 3) Жарамды жеке куәліктің көшірмесін
- 4) Қолданыстағы ұялы телефонның нөмірін

60. Мектеп студентті оқу ақысына қатысты кез келген мәселелер бойынша Бурсарс офиске жібереді.

61. Мектеп Офиске құжаттардың түпнұсқаларын және сканерленген көшірмелерді ЭҚЖ арқылы жібереді. Офис студенттерді бағдарламаны аяқтау жоспарында көрсетілген пәндерге бекітілген қосымша оқу кезеңіне тіркейді. Қандай да бір сұрақтар болған жағдайда өзгерістер ЭҚЖ арқылы жіберілуі тиіс. Офис қосымша оқу кезеңіне тіркелген студенттердің тізімін Бурсарс офисіне тиісті құжаттармен жібереді.

62. Бурсарс офис шарт дайындайды және студенттің қолтаңбасын алады. Шарттың көшірмесі студенттің жеке ісіне қосу үшін Офиске ұсынылуы тиіс.

63. Қосымша академиялық кезеңге қабылданған студент бекітілген бағдарламаны аяқтау жоспарын орындауы тиіс және бұл кестені өзгерте алмайды, пәндерді алып тастап немесе қоса алмайды немесе осы кестеден тыс шыға алмайды.

64. Қосымша академиялық кезеңге қабылданған студенттерге кез келген қаржылық көмек көрсетуге кепілдік берілмейді.

65. Университеттің Басқарушы кеңесі магистратура мен докторантура бағдарламаларында оқу ұзақтығына байланысты жеңілдіктерді, оқу ақысын және оқуды жалғастыру ақысын белгілей алады.

66. Магистратура мен докторантура бағдарламаларында қосымша мерзімнің оқу ақысы Университеттің Басқарушы кеңесінің шешімімен белгіленеді және жыл сайын қайта қаралуы мүмкін.

67. Бекітілген қосымша семестр бойы, орындардың болуына байланысты, студенттердің кампуста орналасу мәселесін қарастыру қажет.

19. Пәнді бақылау және бағалау

68. Кез келген пәнде студенттерді оқытуды ресми және жиынтық бағалауды оқытушы анықтайды және ол сабақтың бірінші аптасында студенттерге берілетін силлабуста нақты баяндалуы тиіс.



69. Студенттер белгілі бір пәнге тіркеліп, пәннің барлық талаптарын, оның ішінде пән оқытушысы таңдаған және жариялаған бақылау мен бағалау рәсімдерін орындауға міндеттенеді.

70. Оқытушысының рұқсатынсыз тапсырмаларда болмаған немесе жұмысын тапсырмаған студенттер, егер пән оқытушысы/бағдарлама директоры дәлелді себептердің болуын растамаса, 0 (нөл) балдарын алуы мүмкін.

1) Медициналық себептер немесе өзге де шұғыл жағдайға байланысты емтиханда немесе тапсырмада болмаған жағдайда студент емтиханды кейінге қалдыру үшін әдетте 48 сағат ішінде тез арада пән оқытушысымен хабарласуға міндетті.

2) Кейінге қалдырылған емтиханды ұйымдастыру оқытушымен келісілуі тиіс, бірақ емтихан келесі семестрдің екінші аптасының соңынан кешіктірілмей өткізілуі тиіс.

3) Студентке кейінге қалдырылған емтихан өткізілгенге және қорытынды баға қойылғанға дейін «I» деген баға беріледі.

4) Кейінге қалдырылған емтиханға келмеген жағдайда «I» деген баға жоғарыда сипатталған «I» деген бағаларға арналған рәсімдерге сәйкес көрсетілген бағаға автоматты түрде ауыстырылады.

71. Студент бір күнтізбелік күн ішінде екеуден артық қорытынды емтихан тапсырмауы тиіс.

1) Тапсыратын қорытынды емтихандары бар студенттер емтихандардың барлық талаптарын орындау үшін семестрдің басында оқытушысын ол туралы хабардар етуге тиіс.

2) Егер тапсыратын емтихандар мәселесі оқытушы деңгейінде шешілмесе, онда студент емтихан кезеңі басталғанға дейін Мектеп деканының офисіне баруға құқылы.

3) Осы саясат ресми жоспарланған қорытынды емтихандарға ғана қатысты.

20. Қорытынды емтихан рәсімдері

72. Емтихан өткізуге қатысты барлық қағидаларды емтихан күніне дейін пән оқытушысы студенттерге түсіндіруі тиіс.

73. Әрбір студентке қорытынды емтихан бойынша өзінің түзетілген, бағаланған жұмысын пән оқытушысының қатысуымен көруге рұқсат етіледі.

21. Семестрдің аяқталу кезеңінің саясаты туралы ереже

74. Үйде орындауға арналған емтихан тапсырмалары немесе қорытынды емтихандардың өзге нысандары емтихан кезеңі алдындағы аптада белгіленуі мүмкін.

75. Шет тілінен емтихандарды немесе басқа тілде, аудармамен немесе аудармасыз оқытуға арналған арнайы пәндерді қоспағанда, қорытынды емтихандарды өткізу тілі ағылшын тілі болып табылады.



22. Емтихандарды өткізу ережелері

76. Студент емтихан залына кірген кезде Университет студентінің жарамды куәлігін ұсынуға және оны емтихан кезінде үстел үстіне қоюға тиіс.

77. Студенттер емтихан алушылар, қадағалаушылар, прокторлар немесе емтихан өткізуге жауапты басқа да ресми тұлғалар берген барлық нұсқаулықтарды сақтауы тиіс. Университет студенттерінің мінез-құлық кодексі мен тәртіптік рәсімдеріне сәйкес:

1) проктордан басқа, кез келген адаммен сөйлесуге немесе қарым-қатынас жасауға тыйым салынады;

2) ұялы телефондарды, пейджерлерді немесе кез келген басқа электрондық құрылғыларды рұқсатсыз пайдалануға болмайды;

3) студенттер емтиханға берілген уақыттың соңында жұмысты тоқтатулары тиіс; берілген уақыт аяқталғаннан кейін емтихандағы жұмысты жалғастыру академиялық теріс қылық болып саналады;

4) емтихан залдарында рұқсат етілген кез келген материалдарды Университет Президентінің рұқсатымен Мектеп және жеке оқытушылар мақұлдауы тиіс;

5) плагиаттың кез келген нысандарына тыйым салынады.

23. Қорытынды емтихандардың нәтижелерін жариялау

78. Студенттер бағдарламаның ішкі рәсімдеріне сәйкес емтихандар нәтижелерінің жариялану күні туралы хабардар етілетін болады.

24. Сыртқы емтихан алушылар

79. Әрбір магистратура мен докторантура бағдарламалары сапаны қамтамасыз ету процесі аясында сыртқы емтихан алушыларды тартуға құқылы. Сыртқы емтихан алушылардың жұмыс тәртібі әрбір Мектеп Президенттің рұқсатымен Университеттің саясаты мен қағидаларына сәйкес айқындалады. Мектептер өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сондай сыртқы емтихан алушылардың қызметтер көрсетуін қамтамасыз етеді.

25. Магистратура мен докторантура зерттеу жобаларының негізгі кезеңдері

80. Барлық магистратура мен докторантура бағдарламалары студенттің зерттеу жүргізу қабілетін көрсету мақсатында ғылыми-зерттеу жобалары, ұсынылған зерттеулердің жоспарлары, диссертациялар сияқты, зерттеулердің нақты кезеңдерін табысты және уақтылы аяқтауды талап етеді.

1) Кредиттік пәндер аясында орындалған зерттеулердің негізгі кезеңдері әріптік бағалауға жатады.



2) Кредиттік пәндер аясынан тыс орындалған зерттеудің негізгі кезеңдері, әдетте, «P/F» шкаласы бойынша бағаланады.

3) Егер Анықтамалықта өзгеше көрсетілмесе, онда диплом үшін баға қорғау сәтті аяқталғаннан кейін қойылады.

26. Дәрежені жою

81. Академиялық бұзушылық анықталған жағдайда Университет берілген дәреженің күшін жою құқығын өзіне қалдырады.

82. Бұрынғы студенттің дәрежесі жойылған жағдайда бұл факт ресми түрде жарияланады.

27. Қорытынды ережелер

83. Осы Қағидаларда қаралмаған мәселелер Университеттің ішкі саясаты мен ережелеріне, сондай-ақ Анықтамалықтарға сәйкес реттеледі.

